www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń
Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
25 ЖЫЛ 1996-2021
Ширек ғасырда шыңдалған
Instagram Facebook YouTube Telegram
№49 /Sársenbi/ 08 jeltoqsan 2021 ж.

## Елбасы ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖАЙЛЫ МАҚАЛА ЖАЗДЫ



**Бір жетіден соң Қазақстан ел Тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеді. Осылайша, қазақ жұрты азаттықтың 30 жылдық белесін бағындырады.**

«Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде Елбасының «Тәуелсіздік тағылымы» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Нұрсұлтан Назарбаев онда Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін, қандай қиындықтардан өткенін айтып берді. «Тәуелсіздік туралы бұл толғауын Елбасы бірнеше ай бойы дайындады», — деп жазды кейін оның баспасөз хатшысы Айдос Үкібай.

Отыз жыл бұрын осы бір таңдауды жасаған Қазақ елі даңғыл жолдан адаспағандығымызды бүгінде жеткен жетістіктеріміз айғақтайды. Елбасы өз мақаласында қазақтың терең тарихын қаузай отырып, Тәуелсіздік жолындағы тар жол тайғақ кешулерді баяндайды. Сондай-ақ, елдік жолында жеке басындағы кездескен қиындықтарды тілге тиек етті.

«Бабалар қанымен келген киелі құндылық-Тәуелсіздікті сақтауда өз еңбегін де атап өтеді. «Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа Елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын», - деп мақаласының алғы сөзін бастаған Тұңғыш Президент елдің дағдарыстан шығудың жоспарларын түзгендігін айтты. Ягни, «Қазақстан - 2030 стратегиясы» меже уақытынан бұрын орындалған соң «Қазақстан - 2050» бағдарламасы дамудың бағдарлы бағытына айналды.

Елбасы мақаланың қорытынды сөзінде Тәуелсіздікте жеткен белестерді баяндап, халқымызды Тәуелсіздікпен бірге қонған бақты бағалай білуге шақырды.

«Тәуелсіздікте бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды».

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ - Ұлы дала батыры

***Биыл қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған Халық батыры - Қаракерей Қабанбай батырға 330 жыл. Осыған орай бүкіл елімізде әртүрлі іс-шаралар өтіп жатыр. 15 жыл бұрын Шымкентте және Түркістанда Халық батыры Қабанбай батырға ерекше ескерткіш орнатқан болатын.***

Қазақ халқының бүгінгі Тәуелсіз таңы атқанға дейінгі жолы, қаншама ұзақ әрі қиыншылығы көп тар жол, тайғақ кешуі болса да, әр тарихи кезеңде елім деп еңіреген батырлары, тарих төзгісіне атын ойнақтата, қылышының жүзі шайзаның ұшын күнге шағылыстыра, арғымақ аттарын тебіне қарсы шыға білді. Бабаларды ұлықтау - ұрпақ парызы. Бұл жөнінде жарыққа шыққан Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында былай дейді: «Біздің бабаларымыз гысырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті».

Жалғасы 6-шы бетте

*Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбеков — 70 жаста*

# ТҮРКІСТАННЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

**Жер жәннаты Түлкібас аймағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов сияқты талай тұлғаларды дүниеге әкелді... Осы топырақтан Алаш арыстарынан бастап академик, Үкімет басшысы мен министрлер, ҚР Парламентінің депутаттары, ақын-жазушылар, ел басқарған білікті басшылар шоғыры өсіп шықты.**



Солардың қатарында бүгін біз сөз еткелі отырған Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбеков те бар. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі сексен жылға жуық уақыттың ішінде ауданда біренсаран ғана қазақ басшы болғаны белгілі. Зауытбек Қауысбекұлы сол сиректердің бірі әрі бірегейі еді. Әкесі көп жыл Шардара ауданын басқарған. Қаукеңнің қамқоршылығы, халыққа жақындығы хақында шардаралықтар әлі де аңыз етіп айтып жүр. «Тектіден текті туады, тектілік жолды қуады». «Тұлпар болатын тай желісінде тұрып жұлқынар, ел басқаратын бала бесігінен бұлқынар» демекші, әкесі Қауысбек пен анасы Жұпардың тәлім-тәрбиесін алған Зауытбек те жас кезінен зерек, алғыр болып өсті. 1973 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтының инженер-химик-технолог мамандығы бойынша бітіріп, сол институтта оқытушы болып қалды. Студент кезінде ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түскен жігерлі жас, институт комсомол комитеті хатшысының міндетін қоса атқарды. 1977 жылдан Қазақстан ЛКЖО (лениндік-комсомол жастар одағы) Шымкент облыстық комитеті «Спутник» халықаралық жастар туризмі бюросының төрағасы болды. Жалпы кеңестік кезеңде комсомол мектебі талай жастың томағасын сыпырып, үлкен тұғырға жетелейтін билік баспалдағы еді. Ол екі жылдан кейін Зауытбек Тұрысбековты Түлкібас аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына септігін тигізді. Ал 1980-1985 жылдар аралығында аупарткомның екінші хатшысына жоғарылатылды. Осы жылдар ішінде Алматы жоғары партия мектебін сырттай оқып тәмамдады. Көп ұзамай ауатком төрағалығы лауазымына көтерілді. Әкімдік басқару жүйесі құрылардан сәл бұрынырақта аупарткомның бірінші хатшысы болып сайланды. Бұған дейін ауданды басқа ұлт өкілдері басқарып келген-ді. Жұрт мұны тәуелсіздік қарсаңындағы жақсы ырымға балады. Аудандық кеңес төрағалығын қоса атқарған Зауытбек Тұрысбеков әкімдік институты құрылғанда көп ұзамай әкімшілік басшысы болды. Болашағынан үлкен үміт күттірген басшы 1992-1993 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, облыс әкімшілігі басшысының орынбасары, кейін облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. ҚР Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланғаннан кейін көп ұзамай облыс тізгінін қолына алды. Бұл жайында кезінде Мархабат Байғұт ағамыздың былай деп мақала жазғаны бар: «... жалын әкіміміз Зауытбек Тұрысбеков тоқсан үшінші жылдың желтоқсанында тағайындалды. Күрделі де қиын кезең-тұғын. Уақыт ағымдары, қоғамдық даму ағыстары алмағайыпқа айналған... Әлеуметтік мінез-құлықтың құбылып тұрған кезеңінде жалын әкіміміз Зауытбек Тұрысбеков қабілет-қарымын аямай жұмсап, жұртшылықтың жүрегіне жол таба білді. Ел көзіне ерекше елгезектігімен, серіппелі сергектігімен, әсерлі әрекеттерімен түсе білді. Жастайынан жаратылысына тән жалынды жігерімен жадындап, жарқылдап көріне білді. Бұқараның қалың ортасына қаймықпай араласып, өзіне деген өзгеше ықыласты оята білді. Қалаңызды да, далаңызды да жатырқамады. Алуаналуан топтарды да, тобырларды да қақ жарып барып, қазақша шебер, орысша одан да бетер еліте, еліттіре төгілтіп сөйлеу ол жылдарда аса қажет еді. Облыс орталығында экономика, ауыл шаруашылығы, нарыққа негізделген реформалар, заң-зәкүндер, әлеуметтік-мәдени салалар бойынша беделді басқосулар, алқа мәжілістерін, келелі кеңестер, ірі-ірі жиын-жиналыстар өткізетін. Солардың бәрінде де қос тілде қатар, қапысыз қағидалар қырағаттап, толғаныстар тербейтін»... Заукеңнің ізі де іскерлік қасиетін жазушыдан артық суреттеп бере алмасымыз анық.

Отбасында ұлттық құндылықтарды қазақы тәрбиені бойына сіңіріп өскен Зауытбек Қауысбекұлы қазақ елінің өткені мен бүгініне бейжай қарамайды. Мемлекеттік қызметте жүрсе де өзін өршіл рухты, намыской азамат екенін сөзімен де ісімен де дәлелдей білді. Облыс әкімі болып тұрған кезде, маңайына өңкей жақсы мен жайсаңды жинап, солардың қолдауымен Бәйдібек бабаның кесенесін салуды көздеді. Ел ішінде қиындық жайлап, аумалы-төкпелі болып тұрған шақта тоқыраудың тегеуірініне дес бермей, ілкімді іске қаражат табудың амалын тапты. « лі разы болмай, тірі байымайды» деген даналар нақылына сүйенді. Ойындағысын жүзеге асыра білді. Облысымыздың оңтүстігінде Бәйдібек бабаның кесенесі бой көтерді, кесене жанынан «Бес ана» тұрғызылды. Білікті басшы Зауытбек Тұрысбековтың бастамасымен сол өңірде тағы бірқатар тарихи-мәдени нысанның құрылысы қолға алынды. Солардың бірі — тарихта Домалақ ана есімімен белгілі – Нұрила апаның кесенесі. Ақ тастан қашалып жазылған тарихи тұлғаның есімі ел ішіне тарап, еңселі ескерткіші туристердің жиі баратын орнына айналды.

Жалғасы 3-ші бетте

## Тағайындау

### Айдархан ЖҮНІСБЕКОВ -

*Жетісай ауданының прокуроры*



Жетісай ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мұрат Болатұлы мен Түркістан облысы прокурорының орынбасары, аға әділет кеңесшісі Жомарт Нұрғалиұлы Жетісай ауданы активіне жаңадан тағайындалған аудан прокурорын таныстырды.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, аудан әкімі аппаратының басшысы, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, аудан прокурорының орынбасары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс прокурорының орынбасары Жомарт Нұрғалиұлы жиынға қатысушыларға жаңадан тағайындалған Жетісай ауданының прокуроры Жүнісбеков Айдархан Жорықбайұлын таныстырып, оның еңбек жолына тоқталып, жаңа қызметте үлкен сенім артылып отырғандығын жеткізді.

Айдархан Жорықбайұлы Жүнісбеков 02.05.1972 жылы туылған, білімі жоғары, 2001 жылы Қ.А.Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Сыныптық шені – әділет кеңесшісі.

Прокуратура органдарындағы еңбек жолын 2001 жылдың желтоқсан айында Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы прокурорының көмекшісі лауазымынан бастаған. Осыдан соң, Түркістан қаласы прокурорының аға көмекшісі, Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының бөлім прокуроры, Кентау қаласы прокурорының орынбасары, облыс прокуратурасының басқарма прокуроры, басқарма аға прокуроры, Шымкент қаласы Абай ауданы прокурорының орынбасары, Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы прокурорының орынбасары лауазымдарын атқарған.

2019 жылдың 27 қыркүйегінен бастап, күні бүгінге дейін Түркістан облысы Түлкібас ауданының прокуроры лауазымын абыроймен атқарды.

Айдархан Жүнісбековтің прокуратура органдарындағы еңбек өтілі 19 жыл 10 ай.



### Нұрғали АСҚАНБЕКОВ-

*Түлкібас ауданының прокуроры*

Түлкібас ауданының прокуроры болып Нұрғали Шекербекұлы Асқанбеков тағайындалды.

Нұрғали Шекербекұлы 1980 жылы туылған, білімі жоғары, Қазақ мемлекеттік заң университетін бітірген. Прокуратура органдарындағы еңбек жолын 2003 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы прокурорының көмекшісі лауазымынан бастап, Жамбыл ауданы прокурорының аға көмекшісі, Талдықорған қаласы прокурорының аға көмекшісі, қала прокурорының орынбасары, Жезқазған көлік прокуроры, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының прокуроры, Сарыағаш ауданының прокуроры, Мақтаарал ауданының прокуроры лауазымдарын атқарған. Аталған тағайындауға дейін Түркістан облысы Жетісай ауданының прокуроры қызметін атқарған. Сыныптық шені – аға әділет кеңесшісі.

## ТОҚАЕВ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ МЕН АЕК МӨЛШЕРІН БЕКІТТІ

Заңға сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- ең төменгі жалақы 60 000 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері — 19 450 теңге;
- ең төменгі зейнетақы - 46 302 теңге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ өсімпұлдарды, салықтарды және өзге де төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3 063 теңге;
- базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері - 36 018 теңге.

Заң 2022 жылы күшіне енеді.

**Ақорда.**

## E-Gov ПОРТАЛЫНДА МИБ ТІРКЕЛЕТІН ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ӘЗІРЛЕНДІ

Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан Качаков мәлімдеді.

Оның айтуынша, авторизация ЭСҚ арқылы жүзеге асырылады. Онда автоматты түрде тіркеліп, «меншік иесі» мәртебесін растай алasыз және өз үйіңізде дауыс беруге бастама көтере аласыз..

Жиналыстың күн тәртібін жасағаннан кейін мүлік иелері белсенді сілтемемен жиналысқа өтіп, өз таңдауын жасап, ЭСҚ-мен қол қоюы керек.

Бұл ретте, E-Gov порталындағы электрондық дауыс беру қызметі тек МИБ әлі тіркелмеген үйлер үшін қолжетімді; дауыс беру бір рет жүргізіледі және МИБ тіркелгеннен кейін қызметке қолжетімділік жабылады; жиналыстағы мәселелер МИБ-ті тіркеу үшін ең аз тізіммен шектеледі (нысанды, төрағаны, үй кеңесін, тексеру комиссиясын, МИБ атауын таңдау).

**Елорда.**

## МОБИЛЬДІ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП

Kaspi.kz мобильді ақша аударымына байланысы сұрақтарға жауап берді.

Еске салайық, Парламентте Салық кодексіне бизнес үшін мобильді төлемдерді реттеу туралы өзгерістерді қабылдағаннан кейін, желіде көптеген жеке кәсіпкерлер, шағын дүкендердің иелері мен қызмет көрсетуші ЖК-лер 1 желтоқсаннан бастап мобильді аударымдарды қабылдаудан бас тартып жатыр деген хабарламалар жариялана бастады.

Kaspi.kz-тің ресми аккаунттарында Kaspi.kz қосымшасындағы мобильді төлемдерге қатысты ең жиі қойылатын сұрақтардың жауаптары жарияланды.

**1.*Мен жеке тұлғамын. Менің мобильді ақша аударымым туралы деректер салық органына беріле ме?***

- Жоқ. Банк құпиясын сақтау талаптарына сәйкес сіздің ақша аударымыңыз туралы деректер салық органдарына берілмейді. Сіз бұрынғыдай жеке мақсатыңыз үшін ақша аудара аласыз және қабылдай аласыз.

Жалпыға бірдей декларациялауды кезеңмен енгізу туралы заңға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүргізу белгілерінің бары туралы мәліметтер тек 2025 жылдан бастап берілетіні көзделін отыр. 2025 жылға дейін ЖК емес және мемлекеттік қызметші емес жеке тұлғалар үшін ештеңе өзгермейді.

**2.*Мобильді ақша аударымына шектеу қойыла ма немесе салына ма?***

- Жоқ. Жеке тұлғалардың арасындағы ақша аударымына салық салынбайды. Заң жобасында ақша аударымына жаңа салықтың немесе шектеудің пайда болатыны көзделмеген.

**3.*Егер кәсіпкер клиенттерден мобильді ақша аударымын алатын болса, ол үшін көтеріңкі салық төлеуі керек пе?***

- Жоқ. Заң жобасында жаңа салықтың пайда болатыны көзделмеген.

Кәсіпкерлік мақсатта мобильді ақша аударымын пайдалану қазірдің өзінде сатушыларды ҚР заңнамасына сай салық төлеу және фискалдық чек беру міндетінен босатпайтынын атап өтеміз.

**4.*Мен ЖК не компания басшысымын. Менің мобильді ақша аударымым туралы деректер салық органына беріле ме?***

- Жалпыға бірдей декларациялауды кезеңмен енгізу туралы заңға сәйкес жеке кәсіпкерге не компания басшысына тиесілі шоттар бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізу белгілерінің бары туралы мәліметтер 2024 жылдан бастап берілетіні көзделін отыр.

**5.*Ендеше бұл заң жобасы не туралы?***

- Заң жобасы жеке тұлғалардың арасындағы мобильді ақша аударымына қатысты емес.

Мобильді төлемдер ұғымын және ЖК мен заңды тұлғалар үшін тауарлар немесе қызмет көрсету үшін ақыны арнайы кәсіпкерлік қызметке арналған шоттарға қабылдау міндетін енгізу көзделіп отыр.

Мысалы, мұны тауарлар мен қызмет көрсету үшін ақы қабылдауға Kaspi Pay мобильді қосымшасы мен Kaspi QR-дың көмегімен қазірдің өзінде жасауға болады.

## МИ ИНСУЛЬТІН ДИАГНОСТИКАЛАЙТЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Шымкент қаласындағы №2 ауруханада ми инсультін диагностикалайтын жасанды интеллект жүйесі іске қосылды. Тың әдіс инсульт ауруын 10 минутта анықтауға мүмкіндік береді.

Қалалық №2 аурухана базасында «CEREBRA» жобасының таныстырылым рәсімі өтті. Іс-шара барасында жаңа жүйемен жұмыс істеу әдісі мен ауруды ерте сатысында анықтаудың маңыздылығы толығымен түсіндірілді. Жаңа жоба арқылы медицина мамандары инсультты ерте деңгейде анықтап, бірден ишемияға ұшыраған аймақты білуге, уақытында емдеуді бастауға, ота жасауға қарсы көрсетілімнің бар-жоғын анықтау мен емдеу шараларын дер кезінде атқара алады.

Медицина мамандарының айтуынша, инсульттың дер кезінде анықталмауына адами фактор көп әсер етіп жатады. Ал «CEREBRA» жобасы инсультты 10 минут ішінде таңуға және инсульт ядросындағы тіндердің тығыздығының өзгеруін есептеуге жәрдемдеседі.

Бүгінде аталмыш жобаға 6 қала мен 8 инсульттық орталық қосылған. Алдағы уақытта жасанды интеллект неврологияда да қолданылатын болады.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде жыл сайын 40 мыңнан астам адам инсульттен зардап шегеді. Жыл өткен сайын аурудың түрі жасарып келеді. Мамандар елімізде инсульт дертінің алдын алу үшін ерте диагноз қойып, науқастардың емделуге қолжетімділігін арттыру бағытындағы шараларды арттыра түскен абзал екендігін айтады.

**Шымкент.**

## ӘУЕ РЕЙСІН АШУ ҰСЫНЫЛДЫ

Түркістанға еліміздегі Литва Республикасының Бас консулы Гвидас Керушаускас жұмыс сапарымен келді. Балтық жағалауынан келген елшімен Түркістан облысы әкімінің орынбасары Рашид Аюпов кездесу өткізіп екіжақты байланыстарды жан-жақты талқылады.

Кездесуде Рашид Аюпов 2018 жылы маусым айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан облысы құрылып, Түркістан қаласы облыс орталығы болғанын, үш жылдан астам уақытта шаһар жаңарғанын мәлімдеді.

— 2018 жылдан бері Түркістан облысына 3,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде ивестиция тартылды. Өңірімізде Литва және Қазақстан кәсіпорындарын қатыстырып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Туризм саласында әріптестік орнатуға мүддеміз. Алдағы уақытта туристер саны 5 миллионға жетеді деге болжам бар. Сондықтан Түркістан мен Вильнюс қалалары арасында әуе рейсін ашуды және арнайы турпакеттер әзірлеуді ұсынамыз. Біз жалпы литвалық кәсіпкерлерді Түркістанға шақырамыз. Жобаларды талқылауға дайынбыз, — деген облыс әкімінің орынбасары алдымен онлайн байланыс арқылы кәсіпкерлер форумын немесе кездесуін өткізуді ұсынды.

Литва елшісі Түркістандағы оң өзгерістерден хабардар екенін айта келе өңірде инвестрларға көрсетілетін қолдаулар жөнінде өз елінің кәсіпкерлеріне мағлұмат беретінін, әріптестікті нығайту бағытында жұмыс жалғасатынын мәлімдеді.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



Ордабасында қара қылды қақ жарып, ел ішіндегі даудамайға әділ төрелігін айтқан қазақтың атақты үш биіне стелла орнатылды. Адалдық пен бірліктің нышанына айналған Төле би, Әйтеке би және Қаз дауысты Қазыбек бидің ескерткіші елдің еңсесін тіктеп, қазіргі буынға асқақ рух беріп тұр.

Осы игі істің басы-қасында тұрған Зауытбек Қауысбекұлының ел тарихын жаңғырту жолында жасаған игі істері көп.

Қарап отырсақ, біздің кейіпкеріміз еліміз егемендік алып,

# Түркістанның тарланбозы

тәуелсіздіктің елең-алаңында етек жинап, еңсе тіктеуге үлес қосқан ерлердің сойынан екенау. Оған өткен ғасырдың соңындағы, екінші мыңжылдықтың басындағы Зауытбек Тұрысбековтың қызметтегі сатылай өсу жолдары дәлел. Оның атқарған әрбір мәртебелі қызметтері Тәуелсіздік шежіресімен сабақтасып жатыр. Тұғыры биік тұлға, ардақты азамат халқына қызмет етіп, қайраткерлік қасиетімен, ақыл-парасатымен мемлекеттік қызметшіге тән еңбек сіңіре білді. Атап айтқанда, 1997-2015 жылдар аралығында ҚР Көші-қон және демография агенттігінің төрағасы, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің төрағасы, ҚР Ішкі істер мистрі қызметтерін атқарды.

2007-2015 жылдарда Қазақстан Республикасының збекстан, Ресей Федерациясындағы, Молдовия Республикаларындағы Төтенше және кілетті елшісі болып, дипломатиялық жұмыстарда да бағын сынады. Аса маңызды халықаралық істермен қатар қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Мәселен, збекстанның Новаи облысына қарасты, Нұр ата дейтін жерінде Әйтеке би мен оның бабасы Сейітқұл әулиеге кесене тұрғызды. збек билігін осы іске көндіріп, кейін осы кесенені үлкен тарихи кешенге айналдырды. Бұл ілкімді істі атқаруға Зауытбек Тұрысбеков өзінің жора-жолдастарын шақырып, «Жеті атымтай жомарт» деген желеумен кешеннің құрылысына қаржы тартты. Іле-шала збекстанның астанасы — Ташкенттегі Төле бидің кесенесін қайта қалпына келтіріп, жаңғырту шарасына рұқсат алды. Ираннан жартылай құнды Оникс тасының 7 тоннасы арнайы алдырылып, ресми құжат бойынша бұған дейін Қарлығаш би деп көрсетілген жазу өзгертілді. Сөйтіп, кесене ішіндегі тасқа Төле бидің аты қашалып жазылды. Нысанның ішін алтынмен аптап, күміспен күптеу үшін Самарқанд пен Бұқарадан он саусағы майысқан ең мықты ұсталар мен шеберлер алдыртты. Осы іс ойдағыдай жүзеге асырылғаннан кейін Зауытбек Қауысбекұлы Ташкенттің төрінен 2 гектар жер алып, Қазақстан елшілігі ғимаратының жобасын әзірлеуге күш салды. Осындай ұйымдастырушылық және іскерлік қабілетімен көзге түскен азамат Қазақстанның Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметіне ауысты. Мұнда да Зауkең осы игілікті ісін жалғастырды. Аюдай ақырған алып елдің дипломаттарын дегеніне көндіре отырып, Астарахан облысында Бөкейханның 21 метрлік кесенесін тұрғызды. «Алып анадан туады», демекші осы істің ізін ала, Жәңгір ханның анасына арналған биіктігі 10 метр болатын кесене бой көтерді. Арғы жағын айтпағанда, берідегі екінші дүниежүзілік соғыстағы қанқұйлы шайқастан елге оралмай, із-түссіз жоғалып кеткен 10 мың қазақ жауынгерінің есімін архивтен ақтартып, 100 және 101-атқыштар дивизияларының құрметіне Ржевте батырлардың аты-жөні жазылған еңселі ескерткіш орнатуға ұйытқы болды. Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жылдығына орай Мәскеудің Крюково стансасындағы көзі тірісінде өзі барған мектепке қазақ батырының есімі берілді. Сонымен қатар, Ресей жеріндегі қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұлова атындағы мектеп күрделі жөндеуден өткізіп, қайта жаңғыртуға мұрындық болды. Бұл мақсаттарға Ақтөбе және Жамбыл облыстары әкімдерінің қолқабыс етуімен елдің қалталы азаматтары 1 миллион доллар қаражат аударды. Игі шараның бастан аяқ жүзеге асырылуын Зауытбек Тұрысбеков тікелей бақылауына алып, өз тарапынан қазақтың Ресейдегі елшісі ретінде қажетті келіссөздерді жүргізіп отырды. Мұның барлығы елдің рухани байлығына қосылған сауап істер еді.



Қазақ тарихын жырақта жаңғырту ісі осы шаруалармен шектелген жоқ. Зауытбек Қауысбекұлының ықпалымен Мәскеудегі Покровский бульварына Тұрар Рысқұловтың стелласы орнатылды. Сонымен қатар, Ресей астанасының төрінде 28-панфиловшылар дивизиясының құрметіне Алматы метросы салынды. Ресейдегі елші ретінде атқарған дипломатиялық миссиясы аяқталған соң, Зауытбек Тұрысбеков қызметін Украина жерінде жалғастырды. Онда елші болып жүргенде де ілкімді іс тындырды. Айталық, Харьковте қазақтың 106-атты әскерлер дивизиясына ескерткіш орнатуға тікелей мұрындық болды. Қанды балақ соғыста қас жауымен қасық қаны қалғанша күрескен, бірақ бүгінгі ұрпаққа есімі беймәлім қазақтың қайсар жауынгерлері жайлы мәліметтер жан-жақтағы мұрағаттардан жинастырылып, «Отан үшін отқа түскендер» атты деректі фильмі жарыққа шығарылды. Жалпы Зауытбек Қауысбекұлының қазақ елінің жер жүзіне қанатын жайып, өркендеуіне қосқан үлесі мол.

2015 жылы «Нұр Отан» партиясының хатшысы болып істеді. 2017 жылдың маусым айынан қазақтардың Дүниежүзілік қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқаруда. Туған жерінен жырақта өгейдің күнін кешіп жүрген этникалық қазақтардың тағдырына алаңдаушылық білдіріп, шетелдегі қандастардың жігерін жанып, атамекен – тарихи отанға деген сезімі мен рухын ояту жолында еселі тер төгумен келеді. Заманынан озып туған Зауытбек Қауысбекұлы осылайша саналы ғұмырында, қазақтың бұрынғы өткен тарихын түгендеп, жас буынның санасында жаңғырту ісіне бар күш-жігері мен қарымқабылетін сарп етті. Әлемде саны 16 миллионнан астам қазақ болса, соның үштен бірі, яғни шамамен бес миллионы шет елдерде өмір сүреді екен. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтарды атажұртқа шақырған 30 жылға жуық уақыт ішінде елімізге 1 миллионнан астам қазақ көшіп келіпті.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында, 2021жылдың 15 желтоқсанында Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбеков 70 жасқа толады. Халқының құрметіне бөленген, нағыз кемел шағына келген Түркістан тарланбозының әлі де алар асуы аз емес.

**Серікқали МӘТҚАЛИҰЛЫ.**

## ӨЗБЕКСТАН ТЕХНИКАСЫ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ КАНАЛДАРЫН ТАЗАЛАУҒА КЕЛДІ

Түркістан облысы, Келес ауданында келесі жылдың егін маусымы басталғанға дейін каналдарды тазартып, ағын суды ысырапсыз межелі жеріне жеткізу бағытындағы жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі збекстан Республикасы аумағынан бастау алатын трансшекаралық «Солтүстік Ташкент» каналын көрші елдің техникалары тазалауда. Аталған канал кеңес дәуірінен бері тазаланбаған. Себебі канал збекстан Республикасының теңгерімінде болғандықтан оған мүмкіндік болмады. Мәселені Түркістан облысының әкімі мірзақ Шөкеев халықаралық деңгейде көтеріп, екі елдің жауапты өкілдерінің келіссөз жүргізуінің нәтижесінде бүгінгі таңда халықтың сұранысы қанағаттандырылып жатыр.

Каналдың еліміздің, соның ішінде Келес ауданы аумағындағы бөлігі – 19 шақырым. Ол канал өңірдегі 3 мың гектардан астам жерді суландырады. Оның ішінде Жүзімдік ауылдық округінде 550 гектарды, Бірлесу ауылдық округінде 1200 гектарды және Ақтөбе ауылдық округінің де аумақтарын суғарады.

**Түркістан.**

## НҰРТАСТА СУ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Шымкент қаласындағы Нұртас шағынауданын инфрақұрылыммен қамту үшін құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде.

Биыл шағынауданға жалпы ұзындығы 40,8 шақырымды құрайтын су құбырының құрылысы толығымен аяқталды. Бүгінде құбырларды жуып-шаю және дезинфекциялау жұмысы жүріп, су есептегіш құралдары орнатылуда. Жоспар бойынша нұртастықтарға желтоқсан айында су беріледі.

Ал ауданды сапалы электр қуатымен қамту жұмысы осы жылдың қазан айында басталды. Бүгінге дейін 300-ге жуық электр бағаналары орнатылған. Құрылыстың қалған бөлігі 2022 жылға өтпелі болғандықтан, шағынауданға мемлекеттік жүйедегі жарық келер жылы беріледі.

Нұртасты табиғи газбен қамту үшін мердігер мекеме анықталды. Құбыр тарту жұмысы «Энергоресурс» ЖШС тарапынан 2022 жылдың көктем айларында басталады.

Сонымен қатар, шағынаудандағы Гүлдала мен Ақбота көшелеріне көше жарықшамдары орнатылған. Жыл соңына дейін Зере көшесі де жарықтандырылатын болады.

**Шымкент.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ БИІК

2021 жыл-айтулы датаға толы мерекелі және берекелі жыл болып отыр. Соның бірі-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы. Иә, биыл өз алдымызға егемендi ел болғанымызға 30 жыл толды. Тәуелсіздік- қазақ жерін мекендеген көпұлтты халықтың мызғымас бірлігін айқындаған, экономикасы өркендеген, алыс-жақын қандастармен емін-еркін араласатын жағдайға жеткізген ең басты құндылығымыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Ең басты жетістігіміз-біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік»-деп атап өтті.

Иә, ең маңыздысы-қазақстандықтардың Тәуелсіздік игілігін жан жүректерімен сезіну. Оның ішінде ең бастысы - бірлік, тұтастық, мызғымас татулық.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев талай рет айтқандай, этносаралық және конфессияаралық татулық-біздің баға жетпес байлығымыз! Қазақстанның болашағы үшін әрқашан ішкі тұрақтылық пен тұтас бірлігімізді, ынтымағымызды сақтап, ныгайта түсу-бәріміздің міндетіміз. Еліміз күн өткен сайын көркейіп, көркеніп келеді. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі. Сондай-ақ мақсатқа жету үшін не істеу керегін де жақсы түсінеміз. Ол-тынбай еңбектену, жаңалықтар ашу, халық игілігі үшін тер төгу. Сондықтан, егеменді елде атқарылып жатқан игі істермен бірге, көршілес жатқан шетелдердегі жан жадыратар жақсы нәтижелерді бейнетаспаға түсіріп, көрермен назарына ұсыну мақсатында жиі-жиі жолсапарға шығуымыздың да сыры осында. «Айғақ» телеарнасының түсірілім тобымен бірге Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, биік мақсаттарға батыл қадам басқан қазақстандықтардың жарқын келбетін көрермен көзайымына айналдыру-басты мақсатым. Біздің бар күш-қуатымыз-берекелі еңбекте, бірлікте.

Мен қазақстандықтарды мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем, Тәуелсіздік тұғыры биік болсын!

**Дулат ӘБІШ,**
*Түркістан облыстық мәслихатының депутаты.*



# Ортақ мәміле

Таяуда ғана Қазақстан Республикасы Парламентінде «Еліміздің еңбек күші артық өңірлерінен еңбек күші тапшы өңірлеріне азаматтарды көшіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың барысы туралы» үлкен жиын өтті. Бұған Елбасының Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында берген тапсырмасын орындау барысында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары З. Тұрысбеков Қазақстан Республикасы Парламентінің « ңір» депутаттық тобы мүшелерімен тығыз жұмыс жасауы себеп болды. Сенатор Ерік Сұлтанов басқаратын топ мүшелері Әлімжан Құртаев, Алтынбек Нұхұлы, Динар Нөкетаева, Жеңіс Нұрғалиевтармен бірлесіп, қандастарды солтүстік өңірлерге қоныстандыру бойынша мәселені пысықтау үшін Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарында іссапарларда болып қайтқан еді.

Сенаторлар Ақмола облысындағы тікелей Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бастамашылдығымен асар амалымен салынып жатқан Аршалы ауданындағы 8 мың қандасқа арналған бір үлгідегі 1282 коттеджнің құрылысын көріп, бастамаға қолдау білдіретіндерін айтқан еді. Онда болашақта 3,5 мың жұмыс орны құрылады.

« ңір» депутаттар тобы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс күші тапшы екенін көздерімен көрді. Әкімшілік 1300 отбасыға жер телімін бөлуге әзір, бірақ оған қолданыстағы заң нормалары мүмкіндік бермейтінін қынжыла айтты.

Екібастұз қаласының аумағында жеке тұрғынүй құрылысы үшін 1 мың гектар және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін 1 млн. гектарға жуық жерді игеруге өңірдің әлеуеті бар. Тек заңға өзгеріс енгізу керек.

Ал Қостанай облысындағы «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ-на бүгінде 900 маман қажет. ССТ Б оларды жұмыс күші артық өңірлерден көшіріп алуға да әзір. «СарыарқаАвтоПром» ЖШС-гі де қосымша 500 маман тартуға мүдделі. Салынып жатқан «КАМАЗ» зауыты құрылысы да 500 жұмысшыға зәру. Ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жөніндегі өнеркәсіптік кәсіпорын «Агромашхолдинг КЗ»-ке де қосымша 180 маман жетіспейді. Сөйтіп, тек осы кәсіпорындардың ғана кадрларға деген жалпы мұқтаждығы шамамен 2200 адамды құрайды.

Сондай-ақ, «Олжа агро» кәсіпорны да оңтүстік өңірлерден 2000 отбасын көшіріп әкелуге мүдделі. Олар мүйізді ірі қараларды өсіруге жұмылдырылады.

Бұл ретте Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Қостанай облысының орта арнаулы оқу орындарында білім беріп, содан кейін жұмысқа орналастырып және жеке тұрғынүй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер телімдері бөлінген жағдайда, оңтүстік өңірлердегі қандастар арасынан жастардың қоныс аударуын қамтамасыз етуге дайын екенін мәлімдеді.

Бұған жауап ретінде өңір басшысы Қ. Ақсақалов инфрақұрылымы әзір Петропавл қаласының «Южный», «Солнечный-1», «Солнечный-2» ықшам аудандарын көрсетіп, 1300 отбасыға жер бөлуге болатынын, бірақ оған заң көтермейтінін көлденең тартты. Біріншіден ол адамдардың өңірге қатысы жоқ әрі кезекте тұрған жергілікті адамдар бар.

Осы іссапардың нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінде 30 қарашада арнайы кеңес өтіп, онда қандастарды солтүстік аймаққа қоныстандыру жайы қаралды. Жиынға « ңір» депутаттық тобының мүшелері 17-і сенатордан бөлек Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.С. Біржанов, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Р.Ж. Құрманов, Білім және ғылым вице-министрі Қ.А. Ерғалиев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Т.Ж. Қарагойшин, Ұлттық экономика министрлігінің ңірлік даму департаментінің директоры Д. Жұмбайбек, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахманов, «Отбасы банк» тұрғынүй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма төрайымы Л.Е. Ибрагимовалармен бірге Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұ.Қ. Тәжібаев, Солтүстік Қазақстан облысы әкімі орынбасары F.С. Нығметов, Павлодар облысы әкімінің орынбасары М.Ж. тешов, Қостанай облысы әкімінің орынбасары В.Н. Ионенко сияқты өңірлердің өкілдері болды.

Мәселелерді екжей-текжейлі қарай келіп, « ңір» депутаттар тобы жетекшісі Ерік Сұлтанов халықты қоныстандыруға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша жоба Парламентте талқыланып жатқанын жеткізді. Енді осы құжатқа ұсыныстар берілмекші. Нәтижесінде, қандастарға кедергісіз жер бөлу мәселесі шешілмек.

Егер осы жоба жүзеге асқан жағдайда кемінде алты күрделі мәселе шешімін табады. ншаруашылығы бизнесіне қол жеткізеді. Үшіншіден, жұмыс күші тапшы аймақтардағы бос жұмыс орындарын толықтырады. Төртінші, қала ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіледі. Бесіншіден, халық тығыз орналасқан аймақтарда жұмыссыздардың, аз қамтылғандардың саны азайып, әлеуметтік жағдайдың ушығуы азаяды. Алтыншыдан, елдегі демографиялық ахуал реттеледі.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары З.Қ. Тұрысбековтың ұсыныс-пікірі сенаторлар тарапынан қолдау тауып, ел игілігіне қызмет ететін шаруалардың жүріп кетуіне олар заңдық-нормалық қамтамасыз етуді басшылыққа алатын болып ұйғарылды. Тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері де бұған қарсылық білдірмеді.

Ортақ мәміле — түпкілікті нәтижеге апаратыны мәлім.

**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының баспасөз қызметі.**

# Абзал жандарға алғыс




«Ақ халатты абзал жан», «адам жанының арашасы» деген сөздерді бала күннен естіп өстік. Байыпты сөздің мағынасын ұққанымызбен, байламына барып, дұрыс түсінбейтінмін. Кез келген жағдайды басыңа іс түскен кезде ғана толық түсінесің деген рас екен. Тағдырдың жазуымен ағам Смайлов Мұхтардың мүмкіндігі шектеліп, I топтағы мүгедек болып қалды. Осы ретте шипа іздеп алдына барғанда алғашқы көмекті сөз жәрдемінен бастап, медициналық мүмкіндіктерін көрсеткен «Asem Medical» ЖШС-не үлкен алғысымды білдіргім келеді. Тәннің дертін табу дәрігерлердің қызметі. Ал, жан дауасына демеу болу көбінің қолынан келе бермейді. Осы орайда білікті де білімді кадрларды жинаған мекеменің басшысы Амангелді Наурызбай Пархатұлына ерекше алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ, бас дәрігердің орынбасары Жолдасбекова Ақмарал Амангелдіқызына, терапия бөлімінің меңгерушісі Жаукебаева Сандуғаш Қайырбекқызына, жалпы тәжірибелік көмекті көрсетуші дәрігер Байменов Назарбай Жүнісұлына, мейірбикелер Исаева Фарида мен Отызбаева Айгерімге көрсеткен көмектері мен біліктіліктері үшін ризашылық білдіремін. Дәрігерлер білімі мен тәжірибесін көрсетіп, барлық жағдайды жасады. Сонымен бірге әлеуметтік қызметкерлер де өз ісіне мұқият қарайды екен. Соның бірі - Жанар Тәжібаева.

«Asem Medical» ЖШС-гі ұжымының еңбектеріне сәттілік тілеймін. Әркез халықтың алғысын алып, адамдардың өмірге деген құлшынысын арттыра жүріңіздер.

**Айсұлу СМАЙЛОВА**

# АБЫЛАЙ ханның КИІМІ МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАПСЫРЫЛДЫ

Түркістан облысы Бас имамының орынбасары Мұхамеджан Естеміров үш жүздің басын қосқан қазақтың көрнекті тұлғасы Абылай ханның қажылық сапардағы ихрам киімін "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорына табыстады.

Ихрам киім - Абылай хан атынан және Мәдине қалаларына жасалған үлкен қажылық сапарында киілген, деп хабарлайды "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметі.

здеріңізге мәлім, 2015 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай қазақ билері мен хандары атынан тұңғыш рет бәдел қажылық ұйымдастырылған болатын.

Осы орайда еліміздің тарихында айрықша орны бар, арғы тегі Ақ Орданың негізін қалаған Орда Ежен ханнан бастау алатын Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі - Абылай хан атынан бәдел қажылық жасау Түркістан облысы бас имамының орынбасары Мұхамеджан Естеміровке жүктелген. Ұлы ханның мұсылмандық парызын өтеу жолында ұлы аманатты мойнына алған Мұхамеджан Жамантайұлы тұлғаға тиесілі қажылық киім Абылай хан мұраларымен бірге болғанын жөн санапты.

"Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының міндетін атқарушы Ерсін Тәжібаев музей қорына тапсырылған құнды мұраны зор қуанышпен қабыл алғанын жеткізе отырып Мұхамеджан Жамантайұлына алғыс білдірді.

Бәдел дегеніміз — бұрын қажылыққа барып келген адамның өзге адамның атынан жасалатын қажылығы. Мал-дүниесі бола тұра денсаулығы, қарттығы себепті немесе өткен бабаларының атынан баруға рұқсат етілген.

Шариғат бойынша Бәдел қажылықты діни білімі бар адамның немесе имамдардың атқарғаны абзал делінеді.

Ихрам киімі - қажылықтың бір парызы болып саналады. Ихрам екі бөліктен тұратын мата. Ягни үстіңгі жағы «РИДА», ал төменгі мата «ИЗАР» деп аталады.

Айта кетсек, Түркістан - Абылай ханның билік құрған, ақ киізге көтеріліп хан сайланған, мәңгілік тыныс тапқан мекені. Абылай ханның қабірі Қожа Ахмет Яссауидің сол жақ тұсында жатыр. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде Абылай ханның бәйбішесі Қарашаштың, Абылай ханның ұлы Қасым сұлтанның, Абылай ханның немересі Бопай Қасымқызы жерленген.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# 15 МИНУТТА ПӘТЕР САТЫП АЛУ: АҢЫЗ БА, АҚИҚАТ ПА?

Блокчейн технологиясын жылжымайтын мүлік рәсімдеу үдерісіне енгізудің арқасында қазақстандықтар жылжымайтын мүлікті онлайн режимінде сатып алу мүмкіндігіне ие болды, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрінің баспасөз қызметі.

Егер бұрын пәтерді сату-сатып алу процесі бірнеше күн уақыт алса, жаңа қызметпен келісімшартты бір күнде рәсімдеуге болады. Тестілеу тәртібі аяқталган соң оган тіпті 15 минут жеткілікті.

Жаңа қызмет туралы арнайы ұйымдастырылган брифингте ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрі Багдат Мусин, BI Group директорлар кеңесінің төрагасы Айдын Рахимбаев және Halyk Bank Басқарма төрагасының орынбасары Жұмабек Мамутов мәлімдеді.

Технология «Цифрландыру, инновациялар және гылым арқылы технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы аясында, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, банктердің және құрылыс компаниясының ақпараттық жүйелерін біріктіру арқылы ұсынылып, жүзеге асырылды. Блокчейн технологиясы деректерді біріктіру және сақтау үшін ең қауіпсіз жүйе болып табылады. Қазақстанда ол екінші рет қолданылып отыр, бұрын ол ауыл шаруашылыгы саласына енгізілген.

«Баспаналы болу — қазақстандықтар үшін айтулы оқигалардың бірі. Құрылыс компаниясынан мүлікті сатып алу және сату тәртібін онлайнга аудару азаматқа құрылыс компаниясы, банк, нотариус және халыққа қызмет көрсету орталықтары арасында жүрмей-ақ қолжетімді тәсілдермен тұргын үйді рәсімдеуге мүмкіндік береді. Пандемияга қарамастан, жылжымайтын мүлік сатылымында тұрақты өсім бар. Жыл басынан бері қазақстандықтар халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 900 мыңнан аса және нотариус арқылы 700 мыңнан астам рет баспана рәсімдеген — бұл клиент тұргын үй құжаттарын рәсімдеу үшін 3 миллионнан аса жүгінгенін білдіреді. Блокчейн технологиясын енгізудің арқасында біз жылжымайтын мүлік пен оның кепілін тіркеу процесін жеделдете алдық.    здеріңіз білетіндей, тұргын үйді бір адамнан екінші адамның атына аударуга, мұрагерлікке беруге немесе қайта жазуга болады. Біз құрылыс компаниясынан бастапқы тұргын үйді сату және сатып алу жагдайын таңдадық, өйткені бұл жерде адамның еркіне әсер ету қаупі жоқ», — деді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрі Багдат Мусин.

Пәтерді онлайн сатып алу процесі мәмілені қашықтан жүргізуге мүмкіндік береді. BI Group өкілдерінің айтуынша, жылжымайтын мүлік нарыгында мұндай қызмет бұрын-соңды болмаган.

««Біздің холдингтің басты құндылыгы клиентке багытталу болып табылады. Бүгін біз мемлекеттік деңгейде жылжымайтын мүлікті сатып алуга түбегейлі жаңа тәсілді енгізе отырып, пәтер сатып алуга 10 күнге дейін уақыт жұмсаган қазақстандықтардың санасын өзгерткіміз келеді. Енді клиенттер 15 минут ішінде блокчейн жүйесі арқылы мәміле жасап, сатып алу-сату шартына қол қоя алады! Бұл қазақстандық тұргын үй нарыгындагы серпіліс. Әлемнің кез келген нүктесінен рәсімдеудің онлайн және толықтай қауіпсіз жүзеге асырылуы үшін біз осы процесті цифрландыруга ден қойдық. Клиент тек 4800 теңге көлемінде мемлекеттік баж салыгын төлеп, нотариус қызметтері үшін 49 мың теңгеге дейін үнемдейді. Ең бастысы, BI Group аталмыш өнімге эксклюзивті құқық иеленуді бекітпей, оны бүкіл саланың игілігі үшін әзірледі. Біздің әріптестеріміз — тұргын үй салушы компаниялар мен олардың клиенттері де осы жаңа өнімді пайдалана алады», — деді Рахымбаев. Сондай-ақ ол компанияның клиенттері мен бүкіл нарық үшін осындай көптеген жобаны жүргізіп жатқанын атап өтті. Бұл BI Group-тың барлық азаматтың игілігі үшін елді цифрландыруды дамытуга қосқан үлесі болмақ.

Бүгінгі таңда онлайн ипотеканың толық циклін тіркеу BI Group пен Altyn Bank сайтында жүзеге асырылуы мүмкін. Клиент құрылыс компаниясының сайтында салынып жатқан кешендердің бірінен пәтер таңдай алады. Содан кейін банкке автоматты түрде қайта багытталатын ипотекага өтініш жолданады. Қарыз алушының профилін сәйкестендіру және бекіту бірден жүзеге асырылады. Келісім алганнан кейін клиент Altyn bank-тің Altyn-i мобильді қосымшасына өтеді, онда банкпен келісімшарт онлайн түрде жасалады. Әрі қарай банк құрылыс компаниясына ақшаны өзі аударады және бұл туралы клиентті хабардар етеді.  Жылжымайтын мүлікті пайдалануга бергеннен кейін клиент банктің мобильді қосымшасы арқылы кепілді онлайн тіркеу қызметін пайдалана алады.

«Altyn-i Digital Bank» базасында клиенттер қайталама жылжымайтын мүлік нарыгында ипотекага онлайн өтініш бере алады.

Halyk Bank Басқарма төрагасының орынбасары Жұмабек Мамутовтың айтуынша, ипотекалық несиелеу — бүгінгі таңда сұранысқа ие өнімдердің бірі. Цифрлық форматқа көшу банк клиенттеріне көптен күткен баспанасын сатып алу уақытын айтарлықтай қысқартуга мүмкіндік береді. Атап айтқанда, кепіл шартын және үлестік қатысу шартын тіркеу процестері жеңілдетіліп, жеделдетілді.

«Мемлекет пен бизнестің ынтымақтастыгы арқасында дәстүрлі қызметтер онлайн режимге өтіп, қазақстандықтар үшін ыңгайлы әрі қолжетімді бола бастады. Бұл ыңгайлы қызмет қана емес, сонымен қатар әр кезеңде толық қауіпсіздік пен сенімділікке кепілдік беретін мәміле жасаудың абсолютті ашық тәсілі болганы маңызды. Біз бұның клиенттерімізге қызмет көрсетудегі үлкен серпіліс екеніне сенімдіміз және өз процестерімізді одан әрі цифрландырып, клиенттеріміз үшін қарапайым, түсінікті және ыңгайлы қызметтерді іске қосу багытында жұмыстарымызды жалгастырамыз», — деді Halyk Bank басқарма төрагасының орынбасары Жұмабек Мамутов.

Жылжымайтын мүлікті онлайн сатып алудың басты артықшылыгы — клиенттер «бір терезе» қагидаты бойынша баспананы нотариустың қатысуынсыз ресімдеп, мәмілені халыққа қызмет көрсету орталыгында куәландыра алады. Бұл технологияны Қазақстанның кез келген тұргын үй салушы компаниясы пайдалана алады деп жоспарлануда.

**Елорда.**

# Тұгыры биік ел

*«Біз бәріміз бір атаның - қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туган жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір гана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан».*

**Н.НАЗАРБАЕВ.**

Қазақ елінің еркіндігі, азаттыгы үшін тарихта ерекше орын алатын көтерілістер аз болмады. Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қоргаган бабалар рухынан қуат алган Желтоқсан оқигасы қаншама ызгарлы естілсе де, жанымызга нұр септі. Желтоқсан жаңгырыгы бізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді.

Халқымыздың гасырлар бойы аңсаган арманы 1991 жылдың 16-желтоқсаны күні жүзеге асты. Қазақстан жаңа, маңызды дәуірге аяқ басты. Қазақстан Туымен тұгырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты елге айналды.

Тарих толқынында талайды басынан кешірген Қазақстан 30 жыл бұрын өз егемендігін алган тұста дұрыс қадам жасагандыгын бүгінде уақыттың өзі дәлелеп отыр.

Тәуелсіздік - кез-келген мемлекеттің ең басты құндылыгы. Жаңа гасырдың басында біз ата-бабаларымыздың тәуелсіздік туралы гасырлық арманын орындадық. Сол кезде Қазақстанның Тұңгыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз халқы үшін тарихи ерлік жасады. Қазақстандықтар үшін 30 жыл - жай гана мерекелік күн емес, бұл - табыстың, рух пен болашаққа деген ұмтылыстың белгісі.

**Нұрбек БЕКТУРЕЕВ,**
*Жетісай аудандық мәслихатының депутаты.*

# ОТАНДЫҚ АЯҚ КИІМДЕР ҚАЛАЙ ТАҢБАЛАНУЫ ҚАЖЕТ?

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі елімізде 2021 жылдың 1 қарашасынан бастап аяқ киімді міндетті түрде цифрлық таңбалау басталганын еске салады. Осы күннен бастап өндірушілер мен импорттаушылар өнімдерін сату үшін бірегей Data Matrix кодын қолдануы керек, деп хабарлайды ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің баспасөз қызметі.

Отандық аяқ киім өндірушілері сатуга шыгарганга дейін өндірістегі тауарларын таңбалауы тиіс. Ал импорттаушылар өндіруші зауытта немесе үшінші елдер аумагындагы қоймаларда немесе кедендік рәсімдер аяқталганга дейін ҚР Кедендік қоймаларында таңбалау кодын орнатады.

Ол үшін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлга электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) пайдаланып, markirovka.kz ақпараттық жүйесінде https://elk.prod.markirovka.ismet.kz/login-kep сілтемесі бойынша тіркелуі керек. Бұл ретте тек электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі көрсетіліп, қалган деректер ЭЦҚ-дан алынады.

